

Бекітемін:



№9 «Балауса» бөбекжай-балабақша

Меңгерушісі: Ш.Муберекова

**«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың» үлгілік оқу-жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2023-2024 оқу жылына арналған «Балапан» кіші тобының музыка іс-әрекетінің
перспективалық жоспары**

Кіші топтардағы музыка іс-әрекетінің перспективалық жоспары 2023-2024 оқу жылы

Қыркүйек айы

Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<p>Музыка:</p> <p>Қыркүйек</p>	<p>Музыка тыңдау:</p> <p>1) музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру;</p> <p>Ән айту:</p> <p>2) ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылынқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту, аспаптардың шығаратын және ересектің ән айтуына келтіріп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалыптастыру;</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>1) музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау;</p>
<p>Қазан</p>	<p>Музыка тыңдау:</p> <p>1) әннің мағынасын түсіну, қоныраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу.</p> <p>Ән айту:</p> <p>2) әнді жеке және топпен айту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>1) музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.</p>

Қараша	<p>Музыка тыңдау: Әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Ән айту: Әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтауға үйрету.</p>
Желтоқсан	<p>Музыка тыңдау: Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Ән айту: Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.</p>

Қаңтар	Музыка тыңдау: Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ және т.б.), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай және т.б.) дыбыстарымен таныстыру.
Ақпан	Музыкалық-ырғақтық қимылдар Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б.
Наурыз	Музыкалық-ырғақтық қимылдар Денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу және т.б. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар және т.б.), ойындар мен әндерді сахналау.

Сәуір

музыкалық-ырғақтық қимылдар

Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау.

Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.

мамыр

Музыкалық-ырғақтық қимылдар

Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау.

Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.

Өткенді қайталау.